



БҰЙРЫҚ

*20.06.2022 ж.*

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *154*

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру  
істері комитетінің «Республикалық  
спорт колледжі» республикалық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның  
кейбір мәселелері туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) жалпы білім беретін мектебінің (7-11 сыныптар) қызметі тоқтатылсын.

2. Кәсіпорын 2022 жылғы 20 тамызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Кәркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы «олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі арасында келісім бойынша жалпы білім беретін мектеп (7-11 сыныптар) оқушыларын бөлуді;

2) «Кәркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне және «Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне 1 ставка айлықақыдан кем

емес белгілей отырып, жаттықтырушы-оқытушылар мен педагогтерді жұмысқа орналастыруды;

3) Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және осы бұйрықтан туындайтын басқа да шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті 038 «Спортта дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде қаржы қаражатын осы бұйрықтың 2-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік мекемелерге қайта бөлсін.

4. Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Спорт резерві және әдістемелік қамтамасыз ету басқармасы осы бұйрықтың 1 және 2-тармақтарында көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру  
істері комитетінің төрағасы**



**С. Ерғалиев**





БҰЙРЫҚ

*20.06.2022 ж.*

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№

*154*

город Нур-Султан

**О некоторых вопросах  
республиканского государственного  
казенного предприятия  
«Республиканский колледж спорта»  
Комитета по делам спорта  
и физической культуры  
Министерства культуры и спорта  
Республики Казахстан**

В соответствии с подпунктом 2) статьи 15 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Прекратить деятельность общеобразовательной школы (7-11 классы) республиканского государственного казенного предприятия «Республиканский колледж спорта» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан (далее – Предприятие).

2. Предприятию в срок до 20 августа 2022 года в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) распределение учащихся общеобразовательной школы (7-11 классы) по согласованию между республиканским государственным учреждением «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Каркена Ахметова» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан и республиканским государственным учреждением «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва в микрорайоне «Шанырақ» города Алматы» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан;

2) трудоустройство тренеров-преподавателей и педагогов в республиканское государственное учреждение «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Каркена Ахметова» и республиканское государственное учреждение

«Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва в микрорайоне «Шанырак» города Алматы» с установлением оклада не менее 1 ставки;

3) внесение изменений и дополнений в устав Предприятия и принятие иных мер вытекающих из настоящего приказа.

3. Департаменту экономики и финансов Министерства культуры и спорта Республики Казахстан перераспределить финансовые средства в республиканские государственные учреждения в рамках бюджетной программы 038 «Обучение и воспитание одаренных детей в спорте», указанные в пункте 2 настоящего приказа.

4. Управлению спортивного резерва и методического обеспечения Комитета по делам спорта и физической культуры обеспечить координацию работы по исполнению мероприятий, предусмотренных пунктами 1 и 2 настоящего приказа.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего заместителя председателя Комитета по делам спорта и физической культуры.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

**Председатель  
Комитета по делам спорта  
и физической культуры  
Министерства культуры и спорта  
Республики Казахстан**



**С. Ергалиев**